



ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНЫ «РУДНЫЙ ИНДУСТРИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ»

**2017-2018 оқу
«Мәңгілік ел
жастары–индустрияға!»
әлеуметтік жобаға
орындары**

**жылындағы
«Серпін»
катысушы оқу**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны «Рудный индустриялық институты» (12.09.2012 жылғы № 635-1937-19-ГП мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәлік, 21.11.2012 жылғы № 12017141 лицензия) 50 жылдан астам уақыт Рудный индустриялық институты Солтүстік Қазақстан аймағындағы тау-кен өндіру өнеркәсібі, энергетика және құрылыс кешендері үшін инженерлік кадрлар дайындайтын бірегей орталық болып қалып отыр.

Институттың білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда олардың еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі түлектерді жұмысқа орналастырудың жеткілікті жоғары пайызымен (95-97%) қамтамасыз етіледі.

2014 жылдың 3 мамырында ҚР Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Аккредиттеу Кеңесі мәжілісінде РИИ-дің 5 жыл мерзімге институционалдық аккредиттеуден өткендігі туралы шешім қабылданды (21.05.2014ж., №АА0017 институционалдық аккредиттеу сертификаты).

2015 жылғы наурызда институттың 17 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредиттеуден өтті (мамандандырылған аккредиттеу сертификаты №АВ0526 - АВ0542 22.04.2015 ж., сертификаттың қолдану мерзімі 5 жыл: 17.04.2015 ж.-16.04.2020 ж.),

Рудный индустриялық институтының 8 білім бағдарламасы ACQUIN (Германия) аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету Институтында халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өтті (куәліктің қолдану мерзімі: 28.03.2017 ж.-30.09.2022 ж.).

2018 жылы ҚР Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі «ҚР сұранысқа ие ЖОО-ның ұлттық рейтингі - 2018» рейтингін өткізді. ТОП-20 басты рейтинг нәтижесі бойынша Рудный индустриялық институты **14-ші орынға** ие болды, техникалық ЖОО арасында **10-орынға** ие болып, мамандарды бағыттар мен деңгей бойынша даярлауда 3 білім беру бағдарламасы үздік үштіктер қатарына енді:

5В070900 «Металлургия» мамандығы – 2 орын;

5В071800 «Электрэнергетика» мамандығы – 3 орын;

5B073700 «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы – 3 орын.

Институт құрылымында:

3 факультет: тау-кен металлургия, энергетика және ақпараттық жүйелер, экономика және құрылыс, қашықтықтан оқыту орталығы;

6 кафедра: экономика және менеджмент, құрылыс және құрылыстық материалтану, инженерлік және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, электр энергетикасы және жылу энергетикасы, автоматтандыру, ақпараттық жүйелер және қауіпсіздік, металлургия және тау-кен ісі.

Бүгінде Рудный индустриялық институтында:

- ✓ 4 оқу-зертханалық ғимарат;
- ✓ 2 жабық спорт залы және ашық стадион;
- ✓ жарты миллион кітап қоры және ИРБИС кітапханалық компьютерлік жүйесі, үш оқу залы және тұтынушылық қызметі бар кітапхана;
- ✓ заманауи музыкалық және жарықтандыру қондырғылары бар концерт залы;
- ✓ жаңа жабдықтармен жабдықталған тамақтану комбинаты;
- ✓ студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне арналған компьютерлік сыныптар;
- ✓ редакциялық – баспа орталығы және студенттерге қызмет көрсету сервистік орталығы;
- ✓ Жайлы тұрмысқа және толыққанды демалысқа, сабақ дайындығына жағдайлар жасалып жабдықталған 2 студенттік жатақхана.

Microsoft Office 365, GEOVIA Surpac, ГГИС «Micromine» бағдарламалық өнімдерін оқу үрдісінде қолдану, MICROSOFT IMAGINE ACADEMY қатысу

кәсіптік тәжірибені саладағы жетекші кәсіпорындарда өту: «Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ, «Қостанай минералдары» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ-ның филиалы КБРУ, «СарыарқаАвто-Пром» ЖШС, «Агротехмаш» ЖШС, «Рудный цемент зауыты» ЖШС, «АгромашХолдинг» АҚ, «Рудныйсоколовстрой» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Аксесс Энерго» ЖШС, «Кнауф Гипс Капчагай» ЖШС, «Базис-А» ҚК, Майкромайн Орталық Азия және т.б.

Институтта бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін техникалық жабдықталған, ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін заманауи оқу-зертханалық база құрылған. Бұл қазіргі заманғы стандарттармен жабдықталған дәрісханалар, технологиялық және зертханалық құрал-жабдықтар, заманауи электронды-есептеуіш және аудиовизуальді техника.

Институт мұқтаж қызметкерлер мен студенттерге олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту мақсатында қаржы - қаражат бөледі, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және жетім студенттерге жәрдемақы төленеді. Институттың қаржылық жағдайы тұрақты болып табылады. Институттың жалақы төлеу бойынша қарыздары жоқ, салықтық міндеттемелері мен әріптес-жеткізушілер алдында берешек қарыздары жоқ, демек бұл тұрақты қызмет көрсеткіші болып табылады.

Рудный индустриялық институты – бұл жоғары ғылыми әлеуеті, дарынды оқытушылық құрамы бар мемлекеттік ЖОО. Институт құрамында Қазақстандық және халықаралық ғылыми Академиялардың корреспондент мүшелері, докторлар және ғылым кандидаттары, профессорлар және доценттер бар.

Институтта ғылыми жұмыстары тек Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де танымал көрнекті ғалымдар жұмыс істейді.

Республикалық байқаудың қорытындысы бойынша РИИ оқытушылары бірнеше дүркін «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын жеңіп алды.

Институт оқытушылары жыл сайын Қазақстанның басты ЖОО-дарында және шетелде біліктіліктерін жетілдіреді, тағылымдамадан өтеді, аспирантура мен магистратурада оқиды, Ресей, Польша, Венгрия, Италия, АҚШ, Германия, Франция, Қытайдағы халықаралық конференциялар, симпозиум, семинарларға қатысады.

2017 жылы Институттың Жас ғалымдар кеңесі «G-global үздік штабы» республикалық байқауының қорытындысы бойынша «Үздік бейне конференциясы» номинациясында үздік атанды.

Институт базасында жыл сайын конференциялар, студенттер үшін олимпиадалар, семинарлар мен дөнгелек үстелдер жүргізіліп отырады. Институт студенттері дәстүрлі түрде халықаралық және республикалық ғылыми кокурстар мен олимпиадалардың жеңімпаздары болып келеді.

Рудный индустриялық институтының халықаралық қызметі шетелдердің ЖОО-дарымен серіктестік қатынасты дамытуға, бірлескен білім беретін және ғылыми жобалар мен зерттеулерді жүзеге асыруға, студенттер және оқытушылардың академиялық ұтқырлығын жандандыруға бағытталған. АҚШ, Австралия, Ұлыбритания, Германияның ЖОО-дарымен ынтымақтастық туралы келісім – шарттар бекітілген.

Соңғы жылдары институтта кәсіпорындардың, еңалдымен ЖОО-ның стратегиялық әріптестерінің тапсырыстары бойынша мамандардың мақсатты даярлануын ұйымдастыруда белгілі тәжірибе қалыптасқан. Кадрларды мақсатты даярлау бойынша 200 студент тапсырыс берушілердің гранттық бағдарламаларымен қамтылған, ERG шәкіртақы бағдарламалары тиімді жұмыс істейді, ынтымақтастық туралы келісім-шарт шеңберінде «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ-мен серіктестік туралы екі жақты келісім шеңберінде жұмыс жүргізілуде.

«Мәңгілік ел жастары–индустрияға!» - «Серпін» әлеуметтік жобасы аясында 2018-2019 оқу жылына жоғары кәсіби білікті мамандарды даярлау бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыруға ұсыныс:

1 - кесте, Рудный индустриялық институтының мамандықтары

Шифр	Мамандықтар атауы	Біліктілігі	1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
5B070200	Автоматтандыру және басқару	«Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B070300	Ақпараттық жүйелер	«Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B070700	Тау - кенісі	«Тау – кен ісі» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B070900	Металлургия	«Металлургия» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B071300	Көлік, көліктік техника және технологиялар	«Көлік, көліктік техника және технологиялар» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B071700	Жылу энергетикасы	«Жылу энергетикасы» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B071800	Электр энергетикасы	«Электр энергетикасы» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B072400	Технологиялық машиналар мен жабдықтар (сала бойынша)	«Технологиялық машиналар мен жабдықтар (сала бойынша)» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B072900	Құрылыс	«Құрылыс» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B073000	Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	«Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика
5B072600	Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы	«Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры	Математика	Физика